«8D04203 – Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Әпсімет Нұрдәулет Мұхамедияръұлының «Онлайн алаяқтық қылмыстарын сотқа дейінгі тергеу: қазіргі заманғы мәселелер» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және / немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және / немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Диссертациялық жұмыстың тақырыбы ғылым дамуының басым бағыттары мен мемлекеттік бағдарламалық құжаттарға **<u>толық сәйкес келеді</u>**: зерттеу Қазақстан Республикасы ҒЖБМ мемлекет бюджетінен қаржыландыратын AP26103625 «Deepfake-технологиялары мен әлеуметтік инженерия арқылы онлайн-алаяқтық: қылмыстық-құқықтық қарсы іс-қимыл мәселелері, заңнамалық реттеу келешегі» (2025-2027 жж.) ғылыми жобасы аясында орындалып, диссертацияны қорғау аталған жобаның жоспарланған нәтижелерінің бірі ретінде айқындалған. Зерттеу бағыты еліміздің киберқауіпсіздік саласындағы стратегиялық құжаттарының нақты міндеттерімен үндеседі: диссертанттың цифрлық дәлелдемелерді заңдастыру, тергеп-тексерудің «артефактіге бағдарланған» интегративті моделі мен банктік антифрод-жүйелермен өзара іс-қимыл тетіктерін енгізу жөніндегі ұсыныстары Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің 2024-2028 жылдарға арналған тұжырымдамасында бекітілген проактивті қарсы іс-қимыл міндетіне тікелей жауап береді әрі 2023-2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация мен «Қазақстанның киберқалқаны» тұжырымдамасының қағидаттарымен сәйкеседі. Онлайн алаяқтықтың жоғары латенттілігі мен материалдық залалды өтеу деңгейінің төмендігі тақырыптың өзектілігін одан әрі айғақтайды. Осылайша, диссертация тақырыбы мемлекеттік ғылыми жоба аясында орындалып, елдің құқық қорғау және киберқауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясатының басым бағыттарына **<u>толық сәйкес келеді</u>**.

2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады** / қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған** / ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс заң ғылымына, атап айтқанда қылмыстық процесс, криминалистика және цифрлық құқық салаларына **елеулі үлес қосады**, ал оның ғылыми маңыздылығы **толық ашылған**. Автор отандық қылмыстық процесс ғылымында алғаш рет «цифрлық децепция» ұғымын ғылыми айналымға енгізіп, онлайн алаяқтық генезисінің үш кезеңдік эволюциялық моделін негіздеген. Зерттеуде «цифрлық дәлелдеменің» дербес доктриналық дефинициясы тұжырымдалып, виртуалды деректерді физикалық жеткізгішке байлаудан бас тартудың теориялық негізі қаланған, сондай-ақ құқық қолданудағы «цифрлық нигилизм» және цифрлық іздердің «жеделдетілген деградациясы» феномендері алғаш рет тұжырымдамаланған. Автор ұсынған сотқа дейінгі тергеп-тексерудің «артефактіге бағдарланған» бес деңгейлі интегративті моделі мен микрокредиттік жымқырулардың «қос объектілілік» тұжырымдамасы ғылыми жаңашылдығымен ерекшеленеді әрі цифрлық криминалистика мен қылмыстық-процестік теорияны дамытуға қосылған нақты үлес болып табылады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертациялық жұмыстың өзі жазу деңгейі **жоғары** деп бағаланады. Жұмыстың мәтіні біртұтас авторлық стильде, нақты әрі құқықтық тұрғыдан сауатты жазылған. Автор өзі зерттеп отырған мәселе бойынша отандық және шетелдік ғылыми дереккөздерді өз бетінше жинақтап, талдап, оларға сын тұрғысынан баға берген, нормативтік-құқықтық актілерге дербес түсіндірме жасаған. Диссертацияда ұсынылған тұжырымдамалар, авторлық анықтамалар мен модельдер (атап айтқанда, «цифрлық децепция» ұғымы, «артефактіге бағдарланған» модель, «72 сағат» алгоритмі) ізденушінің өзіндік ғылыми ойлауының және күрделі ғылыми мәселелерді дербес шеше алу қабілетінің айқын көрінісі болып табылады. Мәтінде бөгде ойларды өз атынан беру байқалмайды, барлық сілтемелер тиісті түрде ресімделген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: **1) негізделген;** 2) ішінара негізделген;	Диссертация тақырыбының өзектілігі толық **негізделген**. Автор өзектілікті қылмыстық-процестік заңнаманың гипердинамикалық технологиялық шынайылықтан артта қалуы, «цифрлық

		3) негізделмеген.	дәлелдеменің» заңдық дефициясының болмауы, тергеп-тексеруді бастау сатысындағы институционалдық кедергілер және қылмыстылық динамикасының эмпирикалық көрсеткіштері арқылы жан-жақты дәлелдеген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: **1) айқындайды;** 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертацияның мазмұны тақырыпты толық **айқындайды**. Жұмыстың құрылымы онлайн алаяқтықтың теориялық-құқықтық негіздерінен бастап, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің қазіргі мәселелерін талдауды және оны жетілдірудің тұжырымдамалық бағыттарын қамти отырып, тақырыптың мәнін дәйекті түрде ашады.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: **1) сәйкес келеді;** 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Зерттеудің мақсаты мен алға қойылған міндеттері тақырыпқа толық **сәйкес келеді**. Логикалық өзара байланысты жеті міндет онлайн алаяқтықты сотқа дейінгі тергеп-тексеру тетігін кешенді талдау және заңнаманы жетілдіру жөніндегі ұсыныстар әзірлеу деген жалпы мақсатқа қол жеткізуді толық қамтамасыз етеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: **1) толық байланысқан;** 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық тұрғыдан **толық байланысқан**. Үш тарау «теория – проблема – шешім» логикасы бойынша өзара сабақтасып, әр бөлімнің қорытындылары келесі бөлімнің негізіне айналады, бұл жұмыстың біртұтастығын қамтамасыз етеді.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: **1) сыни талдау бар;** 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Автор ұсынған жаңа шешімдер (тұжырымдамалар, модельдер, әдістер) **сыни талдау негізінде дәйектелген**. Ізденуші отандық және шетелдік ғалымдардың көзқарастарын салыстыра отырып, дәстүрлі субъектіге бағдарланған парадигманың кемшіліктерін көрсетіп, өзінің «артефактіге бағдарланған» моделінің артықшылықтарын негіздеген. Талдау автордың дербес ғылыми ұстанымына сүйенеді.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? **1) толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	Диссертацияда алынған ғылыми нәтижелер мен ережелер **толығымен жаңа болып табылады**. Отандық қылмыстық процесс ғылымында алғаш рет «цифрлық децепция» ұғымы енгізіліп, онлайн алаяқтық генезисінің үш кезеңдік эволюциялық

		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	моделі, «цифрлық дәлелдеменің» дербес дефинициясы, «цифрлық нигилизм» және цифрлық іздердің «жеделдетілген деградациясы» феномендері ғылыми негізделген.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? **1) толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияның қорытындылары **толығымен жаңа**. Автордың микрокредиттік жымқырулардың «қос объектілілік» тұжырымдамасы, қаржы институтын бастапқы жәбірленуші ретінде тану қажеттілігі туралы тұжырымы және сотқа дейінгі тергеп-тексерудің «артефактіге бағдарланған» жаңа моделіне парадигмалық көшу туралы қорытындылары ғылыми жаңашылдығымен ерекшеленеді.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? **1) толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Автор ұсынған ұйымдастырушылық-басқару шешімдері **толығымен жаңа** әрі негізделген. Тергеп-тексерудің бес деңгейлі интегративті архитектурасы, гиперқұбылмалы іздерді дереу криптографиялық бекітуге бағытталған «72 сағат» тактикалық-криминалистикалық алгоритмі және тергеу аппаратын банктік антифрод-жүйелермен интеграциялаудың гибридті платформалық моделі жаңа шешімдер ретінде дәйектелген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген** / негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертацияның барлық негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан **ауқымды дәлелдемелік базаға сүйене отырып жасалған**. Автордың тұжырымдары репрезентативті эмпирикалық материалдарға негізделеді: 2020-2026 жылдар аралығында онлайн алаяқтық туралы қылмыстық істер бойынша Қазақстан Республикасы соттары шығарған 127 сот үкімінің массиві жүйелі түрде зерделенген, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің 2018-2026 жылдарға арналған жиынтық статистикалық деректері талданған. Теориялық қорытындылар жалпы ғылыми (талдау, синтез, жүйелі-құрылымдық тәсіл) және арнайы заңдық (формальды-құқықтық, салыстырмалы-құқықтық, тарихи-құқықтық, статистикалық, криминологиялық) әдістердің кешенді қолданылуымен қамтамасыз етілген. Автордың пайымдаулары отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне, қолданыстағы заңнама нормаларына және халықаралық-құқықтық

			актілерге сүйенеді, бұл қорытындылардың дәйектілігі мен ғылыми негізділігін растайды.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:	**1-ереже.** Цифрлық технологияларды енгізу пайдакүнемдік қол сұғушылықтар тетігіндегі іргелі сапалық ауысуға әкелді; бұл авторлық үш кезеңдік эволюциялық модельмен расталып, «цифрлық децепция» ұғымы енгізілді. 7.1 Ереже дәлелденді ме? – 1) дәлелденді. 7.2 Тривиалды ма? – 2) жоқ. 7.3 Жаңа ма? – 1) ия. 7.4 Қолдану деңгейі: – 3) кең. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? – 1) ия. **2-ереже.** Онлайн алаяқтықтың біріздендірілген ұғымы тұжырымдалып, технологиялық, объектілік, құрылымдық және трасологиялық өлшемшарттарды біріктіретін көпфакторлы жіктеме, оның ішінде «тергеп-тексерудің процестік күрделілігі» өлшемшарты әзірленді. 7.1 Ереже дәлелденді ме? – 1) дәлелденді. 7.2 Тривиалды ма? – 2) жоқ. 7.3 Жаңа ма? – 1) ия. 7.4 Қолдану деңгейі: – 3) кең. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? – 1) ия. **3-ереже.** Микрокредиттеу саласындағы онлайн алаяқтық қос объектілілікпен сипатталады; қаржы институты бастапқы жәбірленуші болып табылады, бұл ҚР ҚК-нің 190-бабы 2-бөлігін арнайы саралаушы белгімен толықтыруды талап етеді. 7.1 Ереже дәлелденді ме? – 1) дәлелденді. 7.2 Тривиалды ма? – 2) жоқ.
		7.1 Ереже дәлелденді ме? **<u>1) дәлелденді;</u>** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
		7.2 Тривиалды ма? 1) ия; **<u>2) жоқ;</u>** 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	
		7.3 Жаңа ма? **<u>1) ия;</u>** 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; **<u>3) кең</u>** 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	

			7-ереже. Превентивті, инициациялық, артефактілік, атрибуттық және жолын кесушілік деңгейлерін біріктіретін бес деңгейлі интегративті архитектура ұсынылып, оны іске асыру үшін «72 сағат» алгоритмі мен ҚР ҚПК-нің 131-бабын толықтыру негізделді. 7.1 Ереже дәлелденді ме? – 1) дәлелденді. 7.2 Тривиалды ма? – 2) жоқ. 7.3 Жаңа ма? – 1) ия. 7.4 Қолдану деңгейі: – 3) кең. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? – 1) ия.
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: **1) ия;** 2) жоқ.	Зерттеудің әдіснамасы негізделген әрі нақты сипатталған. Диссертацияда қолданылған әдістер жүйесі айқын көрсетілген: ғылыми танымның диалектикалық әдісі, жалпы ғылыми (талдау, синтез, жүйелі-құрылымдық тәсіл) және арнайы заңдық әдістер (формальды-құқықтық, салыстырмалы-құқықтық, тарихи-құқықтық, статистикалық, криминологиялық) зерттеу міндеттеріне сай орынды пайдаланылған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: **1) ия;** 2) жоқ.	Зерттеу нәтижелері деректерді өңдеудің қазіргі заманғы әдістері арқылы алынған. Автор ресми статистикалық деректер базаларын, сот актілерінің электрондық ресурстарын (office.sud.kz), сондай-ақ құқықтық ақпараттың ақпараттық-құқықтық жүйелерін (adilet.zan.kz, қамқор статистикалық порталы) пайдалана отырып, эмпирикалық материалды жинақтап, өңдеген.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; **2) жоқ.**	Теориялық қорытындылар мен ұсынылған модельдер эмпирикалық негізде дәйектелген. Автордың тұжырымдары 127 сот үкімінің талдауымен, 2018–2026 жылдардағы статистикалық динамикамен, сондай-ақ құқық қорғау органдары қызметкерлері арасында жүргізілген сауалнама нәтижелерімен (Қосымша А) расталған.

		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **<u>расталған</u>** / ішінара расталған / расталмаған.	Жұмыстағы маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге, нормативтік-құқықтық актілерге және статистикалық деректерге сілтемелермен толық расталған. Сілтемелер жүйесі дұрыс ресімделген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **<u>жеткілікті</u>** / жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға жеткілікті. Диссертацияны жазу барысында автор 180-нен астам отандық және шетелдік ғылыми дереккөзді, оның ішінде ағылшын тіліндегі заманауи зерттеулерді, халықаралық-құқықтық актілер мен шетелдік заңнаманы пайдаланған.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: **<u>1) бар;</u>** 2) жоқ.	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Жұмыста цифрландыру жағдайындағы онлайн алаяқтыққа кешенді қылмыстық-құқықтық және процестік-криминалистикалық сипаттама берілген, тергеп-тексерудің «артефактіге бағдарланған» моделі ұсынылған және цифрлық дәлелдемелердің қылмыстық сот ісін жүргізу жүйесіндегі дербес орны айқындалған. Автордың тұжырымдамалары мен анықтамаларын заң мамандары, магистранттар мен докторанттар цифрлық криминалистика саласындағы одан әрі ғылыми-педагогикалық әзірлемелер үшін пайдалана алады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: **<u>1) ия;</u>** 2) жоқ.	Диссертацияның практикалық маңызы жоғары. Автор әзірлеген цифрлық дәлелдемелерді заңдастыру жөніндегі нақты заңнамалық ұсыныстар (ҚР ҚПК-нің 7, 55, 112, 118, 131, 193-баптарына толықтырулар), тергеп-тексерудің бес деңгейлі интегративті құрылымы, «72 сағат» алгоритмі және банктік антифрод-жүйелермен өзара іс-қимыл тетіктерін заң шығарушы және құқық қолданушы органдар цифрлық қылмыстылыққа тиімді қарсы іс-қимыл жасау мақсатында тікелей пайдалана алады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? **<u>1) толығымен жаңа;</u>** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Автор ұсынған практикалық ұсыныстар толығымен жаңа. Заңнаманы жетілдіру жөніндегі нақты редакциялар мен тактикалық-криминалистикалық алгоритмдер отандық құқық қолдану практикасында бұрын ұсынылмаған әрі авторлық сипатқа ие.

10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары. Жұмыс ғылыми стильде, нақты әрі дәйекті тілмен жазылған, автор құқықтық терминологияны сауатты қолданады, ал енгізілген жаңа ұғымдар («цифрлық децепция», «артефактіге бағдарланған модель», «жеделдетілген деградация») дәл әрі негізді тұжырымдалған. Жұмыстың құрылымы қисынды, ойлар жүйелі баяндалып, әр бөлім қорытындылармен түйінделеді. Мәтін ГОСТ 7.32-2017 талаптарына сәйкес ресімделген, сілтемелер мен әдебиеттер тізімі белгіленген стандартқа сай келтірілген. Бұл диссертацияны қабылдау мен түсінуді жеңілдетеді.
11.	Диссертацияға ескертулер	Диссертациялық жұмыстың жоғары ғылыми деңгейін атай отырып, талқылау тәртібінде мынадай ескертулерді білдіреміз: Біріншіден, жұмыста енгізілген жаңа авторлық ұғымдардың («цифрлық децепция», «цифрлық нигилизм», «жеделдетілген деградация») саны едәуір көп болғандықтан, оларды бір жүйеге келтіретін жеке терминологиялық кесте немесе глоссарий түрінде беру мәтінді қабылдауды жеңілдете түсер еді. Екіншіден, диссертацияның кейбір бөлімдерінде шетелдік дереккөздерге сілтемелер басым келеді; жекелеген тұстарда отандық сот практикасынан алынған нақты мысалдарды молырақ келтіру автордың тұжырымдарын одан әрі көрнекті ете түсер еді. Алайда бұл ескертулер жұмыстың академиялық жазу сапасын және диссертацияның мазмұнын, құндылығын еш төмендетпейді әрі оны оң бағалауға ешқандай әсер етпейді.	
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы	Диссертацияның негізгі ережелері мен қорытындылары ізденушінің зерттеу тақырыбы бойынша жарияланған ғылыми еңбектерінде жеткілікті түрде апробациядан өткен. Зерттеу нәтижелері Scopus дерекқорына кіретін халықаралық рецензияланатын журналдарда – 2, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда – 8, сондай-ақ алыс шетелде және Қазақстан аумағында өткізілген халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялардың материалдар жинақтарында – 5 ғылыми мақала түрінде жарияланды. Жарияланымдардың тақырыптық ауқымы диссертацияның логикасын толық қамтиды: онлайн алаяқтықтың тарихи-құқықтық генезисінен бастап, цифрлық іздерді жинау, deepfake-технологиялары арқылы жасалатын алаяқтықты дәлелдеу мәселелері, жасанды интеллектіні қылмыстық процеске интеграциялау және цифрлық дәлелдемелерді пайдаланудың халықаралық тәжірибесіне дейінгі мәселелер қамтылған. Scopus индексіндегі мақалалар (оның ішінде «Laws» және «IDP. Revista de Internet, Derecho y Política» журналдарындағы жарияланымдар) зерттеудің негізгі авторлық тұжырымдарын халықаралық ғылыми деңгейде дәйектейді.	

	бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Осылайша, ізденушінің жарияланымдары тақырып бойынша барлық негізгі ережелердің жеткілікті деңгейде жариялануын қамтамасыз етеді және олардың ғылыми деңгейі белгіленген талаптарға сай келеді.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	«8D04203 – Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне ізденуші Әпсімет Нұрдәулет Мұхамедияруұлының «Онлайн алаяқтық қылмыстарын сотқа дейінгі тергеу: қазіргі заманғы мәселелер» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы өзекті әрі ғылыми жаңашылдығы жоғары, аяқталған біртұтас ғылыми еңбек болып табылады. Жұмыс өз алдына қойылған мақсат пен міндеттерге толық қол жеткізген. Диссертацияда цифрлық криминалистика мен қылмыстық-процестік теорияны дамытуға елеулі үлес қосатын жаңа тұжырымдамалар, авторлық анықтамалар мен модельдер ұсынылған, ал алынған нәтижелердің дәйектілігі репрезентативті эмпирикалық базамен қамтамасыз етілген. Зерттеудің негізгі ережелері ізденушінің жеткілікті санда жарияланған ғылыми еңбектерінде, оның ішінде Scopus дерекқорына кіретін басылымдарда, толық апробациядан өткен. Диссертациялық жұмыс мазмұны, көлемі және ресімделуі бойынша Қазақстан Республикасында философия докторы (PhD) дәрежесін беруге қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді, ал оның авторы Әпсімет Нұрдәулет Мұхамедияруұлы «8D04203 – Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толық лайық деп есептеймін.

«8D04203 – Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Әпсімет Нұрдәулет Мұхамедияруұлының «Онлайн алаяқтық қылмыстарын сотқа дейінгі тергеу: қазіргі заманғы мәселелер» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң пікірімді бере отырып, жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкес және философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент:

«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті» КеАҚ
Қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының доцент м.а.,
философия докторы (PhD), **Қамбаров А.Қ.**

«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР БАСҚАРМАСЫ